

«Депозит ашу кезінде бонустардың жоғарылатылған лимиті» акциясының ережелері (бұдан әрі – «Ережелер»)

Акция – «Bereke Bank» АҚ адалдық бағдарламасы аясындағы маркетингтік акция (бұдан әрі – «Акция»).

Банк – «Bereke Bank» АҚ, Акцияның ұйымдастырушысы болып табылады.

Карта – Клиенттің атына «Bereke Bank» АҚ шығарған және Адалдық бағдарламасына қосылған төлем картасы.

Депозит – Банкте қолданыстағы шарттарға сәйкес орналастырылған жеке тұлғаның салымы.

Адалдық бағдарламасы – «B-Bonus» адалдық бағдарламасы, оның ережелері Банктің <https://berekebank.kz/> ресми сайтында жарияланған.

Акцияның әрекет ету кезеңі – 23.02.2026 – 31.05.2026

Акцияға қатысушы – Акция шарттарын орындаған Банктің клиенті – жеке тұлға.

1. Акцияға қатысу шарттары

1.1. Акцияның әрекет ету кезеңінде жаңа Депозит ашу немесе қолданыстағы Депозитті толықтыру.

1.2. Банктің ішкі критерийлеріне сәйкес жоғарылатылған лимит деңгейіне сай келетін Депозит қалдығын қамтамасыз ету.

1.3. Адалдық бағдарламасына қосылған қолданыстағы премиалдық Картаның болуы.

1.4. Лимитті қайта қарау туралы Банк менеджеріне өтініш беру.

2. Жоғарылатылған лимитті ұсыну тәртібі

2.1. Жоғарылатылған лимит Акцияға қатысушының өтініші бойынша белгіленеді.

2.2. Лимит Депозиттегі нақты қалдық тексерілгеннен кейін белгіленеді.

2.3. Жоғарылатылған лимит келесі күндердің бірінен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде белгіленеді:

— Депозит ашылған немесе толықтырылған күннен;

— Банк менеджеріне өтініш берілген күннен.

2.4. Жоғарылатылған лимит мөлшері тексеру күніндегі нақты қалдыққа қарай айқындалады.

2.5. Жоғарылатылған лимит:

— белгіленген күннен бастап ағымдағы күнтізбелік айға;

— қосымша келесі күнтізбелік айға беріледі.

Көрсетілген мерзім аяқталғаннан кейін лимит Адалдық бағдарламасының қолданыстағы ережелеріне және Депозиттегі нақты қалдыққа сәйкес белгіленеді.

3. Шектеулер

3.1. Клиенттің өтінішінсіз жоғарылатылған лимит белгіленбейді.

3.2. Қалдық белгіленген критерийлерге сәйкес келмеген жағдайда жоғарылатылған лимит ұсынылмайды.

- 3.3. Жоғарылатылған лимит белгіленгеннен кейін Депозит қалдығы азайған жағдайда, Банк лимитті түзетуге құқылы.
- 3.4. Премиялық Карта болмаған жағдайда жоғарылатылған лимит қолданылмайды.
- 3.5. Жоғарылатылған лимиттің берілуі Акцияға қатысушыны Адалдық бағдарламасының өзге шарттары мен шектеулерін сақтаудан босатпайды.
-

4. Өзге шарттар

- 4.1. Банк осы Ережелерге өзгерістер енгізуге құқылы, бұл туралы жаңа редакцияны Банктің <https://berekebank.kz/> сайтында жариялау арқылы хабарлайды.
- 4.2. Акцияға қатысушылар Ережелердегі өзгерістерді Банктің сайтынан өз бетінше қадағалайды.
- 4.3. Еңсерілмейтін күш жағдайлары туындаған кезде Банк Акцияны біржақты тәртіпте тоқтатуға немесе уақытша тоқтата тұруға құқылы.
- 4.4. Акцияға қатысу осы Ережелермен келісімді білдіреді.
- 4.5. Банк Акцияға қатысушыларды алдын ала хабардар етпей-ақ, Акцияны біржақты тәртіпте тоқтатуға немесе уақытша тоқтата тұруға құқылы.
- 4.6. Банк Акцияға қатысуға байланысты туындауы мүмкін шығындарды, залалдарды немесе өзге де шығыстарды өтемейді және өтеп бермейді.
- 4.7. Акция Банктің Адалдық бағдарламасының негізгі Ережелері шеңберінде жүзеге асырылады.